

«Ш. Т. Еркінов атындағы орта мектеп» КММ

бракераждық комиссия актісі

27.10.2022 жыл

Мектеп директорының м\а Калиева Т., әлеуметтік педагог Шайғалиева Г.,
тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Үмбетбаева М., мектеп медбибісі Айтбаева А., психолог
Камзина Г., ата-ана Есендиярова Г.

осы актіні құрды. 2022 жылы 27 қазанда мектеп асханасында тамақтану сапасына
тексеру жүргізілді.

Тексеру барысында анықталды:

Мәзір перспективалық мәзірге сәйкес келді.

Санитарлық нормалар талапқа сай. Балалардың қол жуғыштары мен қол кептіргіштері
жасап тұр. Ыдыстар таза. Тоңазытқыш ішіндегі тағамдар талапқа сай орналастырылған.
Тамақ сынамалары алынған. Аспазшылардың халаттары бар. Тағамдардың қоспалары
нормаға сай салынған. Табылған кемшілік:

тамақ сертификаттарының мерзімі өткен, түгел емес.

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

Калиева Т.

Шайғалиева Г.

Үмбетбаева М.

Айтбаева А.

Камзина Г.

Есендиярова Г.

Хаттама №2

«Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп» КММ

«28» қазан 2022 жыл

2022 жыл 28 қазан күні Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектебінде тамақтандырудың сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 7

Қатысқаны: 5

Күн тәртібінде:

2022 жылдың қазан айындағы мектептегі тамақтандыру сапасына бақылау жүргізу сараптамалық тобының мектеп асханасының жұмысына жүргізген бақылауының қорытындысы туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия төрайымы Т. Калиева мектеп асханасындағы тамақтандырудың сапасы, асхана бөлмесі мен тазалығы, тамақтың дәмі мен берілісі қадағаланып тексерілгендігі жөнінде айтып өтті.

Жарыссөз:

Л. Байнияз (комиссия мүшесі, ДООЖО)

2022 жылдың қазан айында тамақтандыру сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша комиссия төрайымының сөзін тыңдап отырмыз. Мектептегі 444 оқушының 234 оқушысы асханадан тамақ ішеді. Мектеп асханасының асхананың ішкі тазалығын, ыдыс – аяқтардың тазалығын, азық-түліктердің тұтыну мерзімін қадағалап тексердік. Бекітілген мәзір бойынша тамақ беріліп отыр. Тәуліктік сынама алу мен сақталуы қамтамасыз етілген. Тексеру кезінде тамақ сертификаттарының мерзімдері дұрыс еместігі байқалды. Тоңазытқыштың да ішіндегі тағамдардың сақталуы қаралды. Байқалған кемшіліктерге ескерту айтылды. Асхана ішін каникул кезінде тазалап, ас блоктарын әктеп, тазалау керектігі ескертілді.

Ш. Бисенова (комиссия мүшесі, ата ана)

Мектептегі ыстық тамақтың берілісіне бақылау жұмыстары жүргізілді. Балалар уақытында кестеге сәйкес тамаққа келіп отыр. Тамақ нормаға сай берілуде. Балалар тамақты жақсы ішіп отыр. Аспазшылар талапқа сәйкес тамақ беруде. Күнделікті және апталық ас мәзірі салыстырмалы түрде тексерілді. Асханадағы ыдыстардың шеттері сынған. Бірнеше ыдысты жаңасына ауыстыру керек.


Тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының ШЕШІМІ:

1. Тамақтың сапасына, сақталу мерзіміне, асхананың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуына қадағалау жүргізу әлеуметтік педагог Г. Шайғалиеваға міндеттелінсін.
2. Қазан айындағы тамақтандыруға жүргізген бақылау кезіндегі байқалған кемшіліктердің орындалысын бақылау әлеуметтік педагог Г. Шайғалиеваға міндеттелінсін.

Комиссия төрайымы:

Хатшы:

Комиссия мүшелері:



Т. Калиева (мектеп директорының м\а)

Г. Шайғалиева (әлеуметтік педагог)

Л. Байнияз (ДООЖО)

С. Казиева (ДТІЖО)

Ш. Бисенова (ата-ана)